

МЕМОРАНДУМ

Шефтік қамқорлыққа алу туралы

Атырау қ.

« 01 » 03 20 22 ж

"Амангельді" жауапкершілігі шектеулі серіктестік, бұдан әрі "кәсіпорын" деп аталатын, мекеме директоры Жасұлан Ануарович Иманғалиев, бірінші тараптан, «Оңайбай Көшеков атындағы Атырау аграрлы- техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, бұдан әрі "Колледж" деп аталатын, директоры екінші тараптан техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру саласында мамандарды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бойынша шефтік қамқорлыққа алу туралы осы Меморандумға қол қойды.

1. МЕМОРАНДУМ МӘНІ

Меморандумның мәні колледжді шефтік қамқорлыққа алу болып табылады:

- қамқоршылық және индустриялық кеңестерге қатысу, студенттер үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру, шеберханалар мен зертханаларды заманауи жабдықтармен жарақтандыруға жәрдемдесу, білім беру бағдарламаларын өзектендіру және кәсіпорындар базасында өндірістік оқыту шеберлері мен оқытушылардың тағылымдамасын ұйымдастыру;
- тараптардың тиісті мамандарға деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған білім беру және өндіріс саласындағы өзара ынтымақтастық қызығушылық тудыратын корпоративтік басқару жүйесін (қамқорлық) құру;

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 2.1. Өзара қажеттіліктер мен мүдделерді ескере отырып тең құқықтылық қағидаттары негізінде, оның ішінде оқытудың дуалды технологиясы бойынша мамандарды мақсатты даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру саласында ынтымақтастықты дамыту;
- 2.2. Мамандарды даярлауды, қайта даярлауды, олардың біліктілігін арттырудың корпоративтік басқару (шефтік қамқорлығына алу) жүйесін дамыту;
- 2.3. Колледждің оқу-материалдық базасын дамыту
- 2.4. Меморандумға енгізілген әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша қабылданатын шешімдер, нормативтік-құқықтық актілер туралы өзара ресми хабарлар ету;

2.5. Тараптардың ресми сайттарында мамандарды даярлау және қайта даярлау жөніндегі және осы Меморандумды орындау жөніндегі әлеуметтік әріптестік практикасы туралы материалдарды орналастыру;

3. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

3.1. Атырау облысы әкімдігінің міндеттері:

1. Осы Меморандумды іске асыру бойынша Тараптардың бірлескен жұмысын үйлестіру;
2. Инвестициялар тарту және инновациялар енгізу үшін қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған шаралар қабылдау;
3. Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау, әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі үшжақты комиссияның шешімдерін орындау;
4. Колледж және жұмыс беруші арасында серіктестік қарым-қатынас орнатуға ықпал ету.

3.2. Кәсіпорынның міндеттері

1. Мамандарды сапалы даярлау мақсатында қолдау көрсету:
 - оқытудың инновациялық технологияларын, оның ішінде дуалды оқытуды енгізуді ұйымдастыруда;
 - студенттердің өндірістік практикасын өткізуді ұйымдастыруда, арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерін қайта даярлауда, біліктілігін арттыруда, тағылымдамадан өткізуде;
 - мамандықтар бойынша мамандар қажеттілігін анықтауда, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыруда;
 - студенттер мен педагогтар арасында конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, кәсіби шеберлік конкурстарын, Worldskills чемпионатын өткізуге (Worldskills-халықаралық коммерциялық емес қозғалыс, оның мақсаты жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыру және шеберлік дағдыларын дамыту болып табылады. Чемпионатта практикалық жұмыстың орындалуын бағалау арқылы білімі мен ынтасын тексеру жүзеге асырылады);
 - оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері ретінде жұмыс істеу үшін өндірістен жоғары білікті мамандарын тартуға;
2. Тиімді алқалық басқаруды қамтамасыз ету мақсатында:
 - ұйым басшысын тағайындауды келісу және атқаратын лауазымынан босату, ресурстарды бөлу және пайдалануды қадағалау, колледждің даму жоспарларын бекіту және орындалуын бақылау секілді жұмыстарды

орындайтын колледждің камкоршылық кеңесін құруға және оның қызметін қалыптастыруға;

3. Колледжді шефтік камкорлықты тағайындау жағдайында:

- колледж студенттерінің өндірістік тәжірибелерін ұйымдастыру;
- колледждің оқу-материалдық базасын нығайту;
- студенттер мен оқытушыларға арналған ынталандыру шәкіртақылары мен сыйлықтарын тағайындау;
- тәлімгерлікті дамыту;
- өндірістік оқыту шеберлерінің және арнайы пәндер оқытушыларының кәсіпорындар базасында тағылымдамадан өтуі;
- кәсіби мамандығы мен бейіні бойынша (бос орындар болған жағдайда) еңбек шартын жасау арқылы сәйкесті лауазымға түлектерді жұмысқа қабылдау;

4. Түлектерге біліктілік беру және түлектерді сертификаттау жұмысын жүргізу;

5. Еңбек нарығына мамандықтар қажеттілігін болжау мақсатында талдау жүргізу;

6. Колледждің алкалы органдарының жұмысына қатысу (камкоршылық, индустриялық кеңестер).

7. Жастарды әлеуметтік жағдайға және еңбекке бейімдеу саясатын жүргізу, түлектердің жұмысқа орналасуына жәрдемдесу;

8. Колледждің стратегиялық даму жоспары, қаржыландыру жоспарлары, оқу-әдістемелік құжаттаманы және т. б.әзірлеуге және келісуге қатысу;

9. Колледждің аттестациясы мен аккредитациясын өткізу қызметінің негізгі бағыттарына мониторинг жүргізуге қатысу;

3.3. Колледж міндеттері

1. Жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес мамандарды сапалы даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;

2. Оқу-әдістемелік құжаттаманы кәсіпорынмен келісу;

3. Қолдау көрсету:

- білім беру бағдарламаларын өзектендіруге;
- кәсіпорындар үшін мамандар даярлауға арналған жаңа оқулықтарын шығару және оқу процесіне енгізуге;

- мектеп оқушылары арасында кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыруға;
- еңбек нарығының талаптарына сәйкес оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері үшін кәсіпорнының базасында қайта даярлау, біліктілігін арттыру курстарын және тағылымдамаларын ұйымдастыруға;
- кәсіпорындар үшін мамандар даярлау мәселелері бойынша конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, кездесулер және консультациялар өткізуге;
- студенттер мен педагогтар арасында кәсіби шеберлік конкурстарын өткізуге;
- колледж түлектерін жұмысқа орналастыруға;

4. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Меморандумның ажырамас бөлігі - қол қоятын өкілетті тұлғалары, Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігі туындаған жағдайда Тараптардың өзара келісімі бойынша және хаттамаларды жасау жолымен жазбаша нысанда ресімделеді;

Осы Меморандум оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді, Тараптардың бірі басқа Тараптарға жіберілген жазбаша хабарлама арқылы оның қолданысын тоқтатуға ниет білдіргенге дейін қолданылады;

Осы Меморандумға қатысты Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер өзара келіссөздер жолымен шешілетін болады;

Осы Меморандумға мемлекеттік және орыс тілінде үш данада қол қойылды, олардың әрқайсысының бірдей заңды күші бар.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН ЖАЙЛАРЫ МЕН ҚОЛДАРЫ

«Кәсіпорын»

060002 Атырау қ.
Оңтүстік промзона, 29

Тел: 87011000636
Тел/факс: 8/7122/457552



«Амангелді» ЖІІС
директоры
Ж.Иманғалиев

«Колледж»

060006 Атырау қ.
Баймуханов к-сі, 45

Тел/факс:
8(7122)365626



Колледж директоры
Т.Г.Д., профессор
И.Джанзаков